

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА 1 МАУСЫМ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІН АТАП ӨТУ
ІС-ШАРАСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР**

**РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРАЗДНОВАНИЮ МЕЖДУНАРОДНОГО ДНЯ
ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ В УСЛОВИЯХ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ**

Астана 2026

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйымдарда 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күні іс-шарасы бойынша ұсынымдар: Ұсынымдар. – Астана, 2026.
– 9 бет.

Ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік іс-шараны өткізу бойынша ұсынымдар қарастырылған.

Ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен балабақша әдіскерлері, педагогтеріне арналған.

1 МАУСЫМ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІН АТАП ӨТУ ІС-ШАРАСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

МЕРЕКЕНІҢ МАҚСАТЫ - балаларға қамқорлық жасау мәселелеріне назар аудару, бақытты әрі қауіпсіз балалық шаққа жағдай жасау, ересектердің балалардың амандығы, денсаулығы, қауіпсіздігі және құқықтарын қорғаудағы жауапкершілігін қалыптастыру.

МІНДЕТТЕРІ:

- балаларға деген мейірімділік, бейбітшілік, достық және қамқорлық идеяларын насихаттау;
- балаларды тәрбиелеуде дәстүрлі отбасылық және адамгершілік құндылықтарды сақтау;
- балалардың жан-жақты дамуына, шығармашылығына және өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасау;
- балалардың жағымды эмоциялық көңіл күйін қалыптастыру;
- ересектердің балалардың өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілігін арттыру;
- балалардың құқықтарын сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету;
- мерекелік іс-шараларды өткізу барысында қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру.

ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Мерекенің сценарийін тәрбиешілер музыка жетекшісімен бірлесіп, балалардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып құрастыру ұсынылады.

Мерекелік іс-шараларды балалардың түрлі әрекетін кіріктіру арқылы ұйымдастыру ұсынылады:

- ойын әрекеті;
- музыкалық әрекет;-
- танымдық әрекет;
- қимыл-қозғалыс әрекеті;
- театрландырылған әрекет.

Мерекелік бағдарламаға мыналар енгізілуі мүмкін:

- топтық және жеке өнер көрсетулер;
- музыкалық нөмірлер;
- билер;
- ойындар;
- спорттық эстафеталар;
- байқаулар;
- театрландырылған қойылымдар;
- шығармашылық шеберханалар.

Сценарийді дайындау барысында мазмұнның тәрбиелік бағытына, балалардың бойында мейірімділік, сыйластық, достық және өзара көмек қасиеттерін қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

Репертуар мен қойылымдарға қойылатын талаптар:

Музыкалық және сахналық материал:

- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы;
- тәрбиелік және дамытушылық мәнге ие болуы;
- балалар әдебі мен мәдениетінің нормаларына сай болуы;
- балалардың қабылдауына эмоционалдық тұрғыдан түсінікті әрі қауіпсіз болуы тиіс.

Жол берілмейді:

- ересектерге арналған музыкалық репертуар;
- хит әндер, той әндері мен билері;
- агрессиялық, қорқынышты немесе қатыгездік мазмұндағы қойылымдар;
- балалардың жасына сәйкес келмейтін элементтері бар нөмірлер;
- орынсыз қимылдар, ишаралар мен бейнелер қамтылған музыкалық шығармалар мен билер;
- шамадан тыс қатты музыкалық сүйемелдеу.

Мерекеге ұсынылатын тақырыптар:

- «Біз өмірдің гүліміз»;
 - «1 маусым - Балаларды қорғау күні»;
 - «Әр бала бір жұлдыз»;
 - «Бар мейіріміміз балаларға»;
 - «Бақытты балалық шақ»;
 - «Әлем балалық шақтан басталады»;
 - «Күн әрқашан жарқырай берсін!»
- (басқа да тақырыптарды таңдауға болады).*

Мереке аясында келесі бағыттар:

- ертеңгіліктер;
- концерттер;
- байқаулар;
- спорттық және мәдени іс-шаралар;
- сахналық қойылымдар;
- саяхат;
- ойын-сауықтар;
- асфальтқа сурет салу;
- балалар фестивальдерін бойынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.

Безендіруге және кеңістікті ұйымдастыруға қойылатын талаптар

Залдың, топ бөлмесінің немесе алаңның безендірілуі:

- мерекелік, мейірімді көңіл күй қалыптастыруы;
- іс-шара тақырыбына сәйкес болуы;
- эстетикалық талаптарға сай және балалар үшін қауіпсіз болуы тиіс.

Қолданылатын материалдар мен жабдықтар:

- санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес болуы;

- орнықты әрі қауіпсіз болуы;
- өткір, шыныдан жасалған, тез тұтанатын және жарақат қауіпі бар заттардың болмауын қамтамасыз етуі;
- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс.

Іс-шаралар таза ауада өткізілген жағдайда:

- балаларды тікелей күн сәулесінен қорғау;
- ауызсу режимін сақтау;
- бас киімдердің болуын қамтамасыз ету;
- балалардың денсаулық жағдайын бақылау;
- ойын және спорттық жабдықтарды қауіпсіз орналастыру қарастырылуы

қажет.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Мерекені ұйымдастыру және өткізу кезінде:

- педагогтердің балаларды тұрақты бақылауы;
- қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуы;
- балалардың шамадан тыс жүктелуіне және шаршауына жол бермеу;
- санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы;
- қимылды ойындар мен спорттық іс-шаралардың қауіпсіз өткізілуі;
- еркін әрі қауіпсіз эвакуация жолдарының болуы;
- қызметкерлерге балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғау мәселелері

бойынша алдын ала нұсқама жүргізу қамтамасыз етілуі қажет.

Мереке барысында жол берілмейді:

- балаларды қараусыз қалдыруға;
- пиротехникалық құралдарды қолдануға;
- қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін жабдықтар мен реквизиттерді

пайдалануға;

- мектепке дейінгі ұйым әкімшілігімен келісілмеген бөгде адамдардың

қатысуына.

Балалардың эмоциялық шынайылығы мен мерекені табиғи қабылдауын сақтау мақсатында репетиция өткізу ұсынылмайды.

Ахуал қалыптастыру маңызды:

- психологиялық жайлылық;
- сенім мен өзара құрмет;
- балалар бастамасын қолдау;
- қуаныш пен эмоциялық саулық.

Мерекені ұйымдастыруды мектепке дейінгі ұйымның мүмкіндіктерін ескере отырып, аниматорлар мен ақылы қызмет көрсететін бөгде адамдарды тартпай өткізу ұсынылады.

Ата-аналардың іс-шараға қатысуы міндетті болып табылмайды. Мерекені ұйымдастыру кезінде іс-шараның басты қатысушылары балалар екендігін ескеру қажет.

Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне байланысты мереке күннің бірінші немесе екінші жартысында өткізілуі мүмкін.

*Разработано на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Рекомендации по празднованию международного дня защиты детей в условиях дошкольных организаций: Рекомендации. – Астана, 2026. – 9 с.

Рекомендациями предусмотрены рекомендации по проведению праздничного мероприятия в дошкольных организациях.

Рекомендации предназначены для руководителей организаций образования, а также методистов и педагогов детских садов.

Институт раннего развития детей, 2026 год

РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ ПРАЗДНИКА, ПОСВЯЩЕННОМУ МЕЖДУНАРОДНОМУ ДНЮ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ - 1 ИЮНЯ

ЦЕЛЬ ПРАЗДНИКА - привлечение внимания к вопросам заботы о детях, созданию условий для счастливого и безопасного детства, формированию ответственности взрослых за благополучие, здоровье, безопасность и защиту прав детей.

ЗАДАЧИ:

- продвижение идей добра, мира, дружбы и заботы о детях;
- сохранение традиционных семейных и нравственных ценностей в воспитании детей;
- обеспечение условий для полноценного развития, творчества и самовыражения детей;
- формирование у детей позитивного эмоционального настроения;
- повышение ответственности взрослых за жизнь, здоровье и безопасность детей;
- обеспечение соблюдения и защиты прав детей;
- создание безопасной и комфортной среды при проведении праздничных мероприятий.

РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЮ ПРАЗДНИКА

Сценарий праздника рекомендуется составлять воспитателям совместно с музыкальным руководителем с учетом возрастных особенностей, интересов детей и содержания Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения.

Праздничные мероприятия рекомендуется организовывать через интеграцию различных видов детской деятельности:

- игровой;
- музыкальной;
- познавательной;
- двигательной;
- театрализованной.

В программу праздника могут включаться:

- групповые и индивидуальные выступления;
- музыкальные номера;
- танцы;
- игры;
- спортивные эстафеты;
- конкурсы;
- театрализованные постановки;
- творческие мастерские.

При подготовке сценария особое внимание необходимо уделять

воспитательной направленности содержания, формированию у детей доброжелательности, уважения, дружбы и взаимопомощи.

Требования к репертуару и постановкам:

Музыкальный и сценический материал должен:

- соответствовать возрасту детей;
- иметь воспитательное и развивающее значение;
- соответствовать нормам детской этики и культуры;
- быть эмоционально понятным и безопасным для восприятия детей.

Не допускается использование:

- музыкального репертуара для взрослой аудитории;
- хитов, свадебных песен и танцев;
- постановок с агрессивным, пугающим или жестоким содержанием;
- номеров с элементами, не соответствующими возрасту детей;
- музыкальных произведений и танцев с недопустимыми жестами, движениями и образами;
- чрезмерно громкого музыкального сопровождения.

Предлагаемые темы праздника:

- «Мы — цветы жизни!»;
- «1 июня — День защиты детей»;
- «Каждый ребенок — одна звезда»;
- «Все добро — детям!»;
- «Счастливое детство»;
- «Мир начинается с детства»;
- «Пусть всегда будет солнце!» (можно выбрать и другие темы).

Рекомендуемые форматы проведения праздника:

- утренники;
- концерты;
- конкурсы;
- музыкально-спортивные развлечения;
- театрализованные представления;
- экскурсии;
- конкурсы рисунков на асфальте.

Требования к оформлению и организации пространства

Оформление зала, группы или площадки должно:

- создавать праздничную, доброжелательную атмосферу;
- соответствовать тематике мероприятия;
- быть эстетичным и безопасным для детей.

Используемые материалы и оборудование должны:

- соответствовать санитарно-гигиеническим требованиям;
- быть устойчивыми и безопасными;
- исключать наличие острых, стеклянных, легко воспламеняющихся и травмоопасных предметов;
- соответствовать возрасту детей.

При проведении мероприятий на улице необходимо предусмотреть:

- защиту детей от прямых солнечных лучей;

- соблюдение питьевого режима;
- наличие головных уборов;
- контроль за состоянием здоровья детей;
- безопасное размещение игрового и спортивного оборудования.

Обеспечение безопасности детей

При организации и проведении праздника необходимо обеспечить:

- постоянный контроль за детьми со стороны педагогов;
- соблюдение правил техники безопасности;
- недопущение перегрузки и переутомления детей;
- соблюдение санитарно-эпидемиологических требований;
- безопасное проведение подвижных игр и спортивных мероприятий;
- свободные и безопасные пути эвакуации;
- предварительный инструктаж сотрудников по вопросам безопасности

и охраны жизни детей.

Во время праздника не допускается:

- оставление детей без присмотра;
- использование пиротехнических средств;
- применение оборудования и реквизита, не соответствующего требованиям безопасности;
- участие посторонних лиц без согласования с администрацией дошкольной организации.

Не рекомендуется проводить генеральную репетицию, чтобы сохранить у детей эмоциональную искренность и естественное восприятие праздника.

Важно создавать атмосферу:

- психологического комфорта;
- доверия и взаимного уважения;
- поддержки детской инициативы;
- радости и эмоционального благополучия.

Организацию праздника рекомендуется осуществлять с учетом возможностей дошкольной организации, без привлечения аниматоров и посторонних лиц, оказывающих платные услуги.

Участие родителей в мероприятии не является обязательным. При организации праздника необходимо учитывать, что главными участниками мероприятия являются дети.

В зависимости от возрастных особенностей воспитанников и режима дня дошкольной организации праздник может проводиться как в первой, так и во второй половине дня.